

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 5 мамырдағы N 119-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 22 мамырдағы N 135-ө
Өкімі

"Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қ.К.Тоқаевты Женева (Швейцария Конфедерациясы), Вена (Австрия Республикасы) және Берлин (Германия Федеративтік Республикасы) қалаларына іссапарға жіберу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 5 мамырдағы N 119-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыптағы "Вена (Австрия Республикасы)" деген сөздер "Шанхай (Қытай Халық Республикасы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

кіріспедегі "2006 жылғы 16 мамырда Вена қаласында (Австрия Республикасы) Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) Тұрақты кеңесінде сөз сөйлеу" деген сөздер "2006 жылғы 14-15 мамырда Шанхай қаласында (Қытай Халық Республикасы) Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлері кеңесінің мәжілісіне қатысу" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "2006 жылғы 8-15 мамыр кезеңіне Женева қаласына (Швейцария Конфедерациясы), 2006 жылғы 15-18 мамыр кезеңіне Вена қаласына (Австрия Республикасы) және 2006 жылғы 18-20 мамыр" деген сөздер "2006 жылғы 8-14 мамыр кезеңіне Женева қаласына (Швейцария Конфедерациясы), 2006 жылғы 14-17 мамыр кезеңіне Шанхай қаласына (Қытай Халық Республикасы) және 2006 жылғы 17-20 мамыр" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "Вена" деген сөз "Майндағы Франкфурт - Шанхай - Майндағы Франкфурт" деген сөздермен ауыстырылсын.

Премьер-Министр